

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Иран Ислам Республикасына 1999 жылғы 5-6 қазандағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 22 желтоқсан N 1954

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Иран Ислам Республикасына 1999 жылғы 5-6 қазандағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру және Қазақстан-Иран ынтымақтастығын одан әрі дамытуды және кеңейтуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Иран Ислам Республикасына 1999 жылғы 5-6 қазандағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, басқа да

мемлекеттік органдары (келісім бойынша) және мүдделі ұйымдар Іс-шаралар жоспарында көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы кем дегенде жарты жылда бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етіп тұрсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1999 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1954 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Иран Ислам Республикасына 1999 жылғы 5-6 қазандағы ресми сапары барысында қол жеткізілген Уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с!	Іс-шара	! Орындалу ! мерзімі	Орындалуына жауаптылар
------	---------	-------------------------	---------------------------

1	2	3	4
---	---	---	---

1. Мынадай құжаттардың жобаларын қол қоюға әзірлеу:

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Иран Ислам Республикасының Пошта, телеграф және телефон министрлігі арасындағы Қазақстан мен Иран арасында халықаралық телефон трафигі үшін өзара есеп айырысулардың есептік ставкалары мөлшерін төмендетуге қатысты өзара түсіністік туралы меморандум	2000 жылдың 30 қаңтары	Көлік және коммуни. кациялар министрлігі
--	------------------------	--

Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы қауіпсіздік жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум	2000 жылдың 28 ақпаны	Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Сыртқы істер министрлігі
--	-----------------------	---

2. Мынадай құжаттардың күшіне енуі үшін мемлекетішілік рәсімдерді орындау:

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы ұзақ мерзімді сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім	2000 жылдың I тоқсаны	Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Экономика министрлігі
---	-----------------------	---

Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы келісім	-//-	Әділет министрлігі
---	------	--------------------

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы ұйымдасқан қылмысқа және терроризмге қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім	-//-	Ішкі істер министрлігі
---	------	------------------------

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі	-//-	Ішкі істер министрлігі
--	------	------------------------

арасындағы есірткі құралдарының,
психотроптық заттардың және прекурсор-
лардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі
ынтымақтастық туралы өзара түсіністік
меморандумы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Иран Ислам Республикасының Үкіметі
арасындағы мәдениет, ғылым және білім
саласындағы алмасу бағдарламалары
министрлігі

-//- Мәдениет, ақпарат
және қоғамдық келісім
министрлігі,
Ғылым және білім

3. Сауда-экономикалық, ғылыми-техника. 2000 жылдың Көлік және коммуни-
лық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі I тоқсаны қациялар министрлігі
Қазақстан-Иран үкіметаралық (шақыру), Сыртқы
комиссиясының 5-ші мәжілісі барысында істер министрлігі,
қол жеткізілген уағдаластықтарды орын. Экономика министр-
дау жөнінде толық көлемде шаралар қа. лігі, Энергетика,
былдау және оның нәтижелері туралы индустрия және сауда
Қазақстан Республикасының Үкіметіне министрлігі, Ауыл
хабарлап отыру шаруашылығы министр.

лігі, Табиғи ресурс.
тарды және қоршаған
ортаны қорғау
министрлігі,
Қаржы министрлігі,
Мемлекеттік кіріс
министрлігі,
Мәдениет, ақпарат
және қоғамдық келісім
министрлігі, Ғылым
және білім министр.
лігі, "Қазақойл" ҰМК,
"ҚазТрансОйл" ҰМТК,
Сауда-өнеркәсіп пала.
тасы (келісім
бойынша)

4. Қазақстан Республикасы мен Иран 2000 жылдың Энергетика, индустрия
Ислам Республикасы арасындағы I тоқсаны және сауда министр.

2000 жылға арналған сауда-экономикалық ынтымақтастық бағдарламасын (бұдан әрі Бағдарлама) және Бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын ирандық тараппен келісу

лігі, Сыртқы істер министрлігі, Экономика министрлігі

5. Мұнай-газ саласындағы ынтымақтастық Иран аумағы арқылы мұнай құбырын төсеудің техникалық-экономикалық негіздемесін қарау жөніндегі Қазақстан-Иран-Түркмен жұмыс тобының шеңберінде сарапшылардың Тегеран қаласындағы кездесуіне қатысу; Тегеран қаласындағы 1999 жылғы 5-6 қазандағы келіссөздерде Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы "Қазақойл" ҰМК ұсыныстары тұрғысында шикі мұнайды алмасу жөніндегі SWAP-келісім-шартын қайта жаңғыртудың мүмкіндігін пысықтау

2000 жылдың Энергетика, индустрия ІІ тоқсаны және сауда министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Экономика министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, "Қазақойл" ҰМК, "ҚазТрансОйл" ҰМТК

6. Экспорттық-импорттық операцияларды одан әрі дамыту:

"Азық-түлік корпорациясы" ЖАҚ (Қазақстан) және "GTC" (Иран) (астық сатып алу жөніндегі мемлекеттік компания) арасындағы коммерциялық келіссөздерді жалғастыру; "Испат-Кармет" ААҚ және Иранның тиісті компаниясы арасындағы металл өнімдерінің жеткізілімі туралы ұзақ мерзімді келісімшартты жасасуға жәрдемдесу

2000 жылдың Энергетика, индустрия ІІ тоқсаны және сауда министрлігі(шақыру), Көлік және коммуникациялар министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекеlestікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі

7. Көлік саласындағы ынтымақтастық: Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөнін.

2000 жылдың Көлік және коммуникациялар министрлігі, Энергетика, индустрия

дегі Қазақстан-Иран үкіметаралық комиссиясының 5-ші мәжілісінің Хаттамасына сәйкес тарифтік кеңістікті қалыптастыру жөніндегі бірлескен жұмыс тобын құру және оның алғашқы мәжілісін өткізу;

Транзиттік тарифтерді азайту мақсатында Қазақстанның, Иранның, Өзбекстанның және Түркменстанның теміржол әкімшіліктері басшыларының кездесуін Ашғабат қаласында өткізу

және сауда министрлігі, Экономика министрлігі, Сыртқы істер министрлігі

8. Қазақстан Республикасының Иран Ислам Республикасының "Экспортты дамыту банкі" өкілдігінің ашылуына байланысты мәселелерді пысықтауды аяқтау

2000 жылдың Ұлттық Банк (келісім І тоқсаны бойынша)

9. Иранда Қазақстан тауарларының және Қазақстанда Иран тауарларының көрмелерін өткізу

2000 жылдың Сауда-өнеркәсіп палатасы (келісім бойынша), "Атакент" АҚ (келісім бойынша), мүдделі министрліктер мен ведомстволар

10. Астана қаласындағы тұрғын үй кешенінің, қонақүйлердің және әлеуметтік-тұрмыстық объектілердің құрылысын салуға қатысу үшін ирандық құрылыс компанияларының инвестицияларын тарту мәселесін пысықтау

2000 жылдың Қазақстан Республикасының ІІ тоқсаны Инвестициялар жөніндегі агенттігі, Астана қаласының әкімі, мүдделі министрліктер мен ведомстволар

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Қасымбеков Б.А.

